

**Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасы
«№ 19 колледж» МКҚК**

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау
нәтижелерін алдын ала жария талқылау мақсатында өткізілген жиын**

№ 1 хаттама

Өткізілген күні: 28.07.2023 жыл

Қатысқандар: 10 адам

Күн тәртібі:

1. **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау
нәтижелерімен таныстыру.**
Жұмыс тобының жетекшісі: А.Донбаев
2. **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері
бойынша жазылып жатқан ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМАНЫ
талдау**
Жиын мүшелері
3. **Түрлі мәселелер**

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша жұмыс тобының жетекшісі А.Донбаев ішкі талдау барысы және нәтижелері туралы есепті назарға алуды сұрады.

2022 жылғы Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 8 бабы 5- тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16 ақпандағы № 21 бұйрығына сәйкес Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасы № 19 колледжі МКҚК-на сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында жұмыс тобы мен іс-шара жоспары бекітілгенін, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бекітілген үлгілік қағидаға сәйкес қамтылғанын, іс-шара жоспары мен ішкі талдау жүргізу кезеңі 2023 жылдың маусым айының 23 мен тамыз айының 07 күндері аралығы етіп бекітілгенін хабарлады. Ішкі талдау төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1. Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындау;
2. Мемлекеттік қызметтер көрсету;
3. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

Қамтылған бағыттар бойынша анықталған кемшіліктер мен ұсыныстармен таныстырды.

Екінші мәселе бойынша аудандық әжелер алқасының төрайымы Алиева Әтір өз сөзінде талдамалық анықтамамен танысып шыққанын, ішінде орын алған тәуекелдерді жою және жемқорлыққа жол берілмеу үшін мекеме басшысы ашық әрі жария жұмыс жасау қажет екендігін ескертті, сонымен қатар жұмыс тобының атқарып жатқан жұмысын құптарлық деп тапты. Осы мәселе бойынша сөзге қосылған колледж қамқоршылық кеңесінің төрағасы Қанаев Төлен анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдар тиімді, сыбайлас жемқорлық тәуекелін болдырмауға бағытталғанын, яғни дұрыс екендігін және жемқорлықпен күрес жүргізудің бірден бір шарты – ол таза әрі адал еңбек ету екендігін ерекше атап өтті. Ата-аналар комитетінің төрайымы Оңалбаева Жансұлу топ мүшелеріне сұрақ қойды: «Егер сіздер тексеру барысында қандай да бір жемқорлық фактісін анықтасаңыздар не істейсіздер? Бірден құзырлы мекемелерге хабарлама жасайсыздар ма? Уәкілетті тұлға А.Донбаев жауап берді: «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша жасалған талдау сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің бірінші басшысына қарауға ұсынылады, тиісті ҰСЫНЫМДАР жасалады; мысалы құқықтық актілерді немесе ішкі құжаттарды әзірлеу және қабылдау, оларға сыбайлас жемқорлық факторларын жоюға бағытталған өзгерістер енгізіледі, лауазымды тұлғалардың өкілеттіктері нақтыланады, объектінің қызметіне бақылау жасалады. Сонымен қатар, құзіретті мемлекеттік органдар тарапынан шаралар қабылдауды көздеген жағдайда оларға тиісті хаттар жіберіледі, бірлескен іс-шаралар өткізу ұсынылады».

Қоғамдық ұйымдардың және әлеуметтік серіктестіктердің мамандары колледжде жүргізіліп жатқан ішкі талдау жұмыстарының барысымен, талдамалық анықтамамен жан-жақты танысты, жұмыс тобының жұмысын қанағаттанарлық деп тапты.

Қаулы :

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау жұмыстары жүйелі әрі үздіксіз жүргізілсін. Орындалуы колледждің комплаенс-офицері Н.Жуматаевқа жүктелсін
2. Студенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары сапалы түрде жүзеге асырылсын. Орындалуы жастар ісі жөніндегі инспектор О.Нұрланұлына жүктелсін.
3. Ұжымның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамаларымен таныстыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін. Орындалуы кадр бөлімінің меңгерушісі Н.Жуматаевқа жүктелсін.
4. Осы жиналыстың барысы туралы мәлімет колледждің сайтына және әлеуметтік желідегі парақшаларына жариялансын.

Жиналыс төрағасы:  А.Донбаев

Хатшы:  О.Нұрланұлы